

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



**«БЕКІТІЛДІ»**

Ғылыми кеңес шешімімен

№16 хаттама, «26» маусым 2024 жыл

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына  
оқуға қабылдау ережелері**

Арқалық, 2024

1. Осы атындағы Арқалық педагогикалық институтына оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан № 600 бұйрығымен (26.07.2024 ж жаңартылған) бекітілген Ы.Алтынсарин Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жасалған.

2. Институтқа оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты, сондай-ақ білім алушының меншікті қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады.

3. Институтқа жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Институттың қабылдау комиссиясы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) бойынша оқуға қабылдайды.

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар және қысқартылған ББ бойынша оқуға үміткер тұлғаларды алдыңғы формальды және формальді емес оқу нәтижелерін тану үшін факультет деканының өкімімен комиссия құрылады. Комиссия төрағасы факультет деканы болып табылады. Комиссия қызметін Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында оқу пәндері мен практикаларды тану тәртібі туралы ережелерге сәйкес жүргізеді.

6. Конкурс негізінде мемлекеттік білім гранты тағайындалған тұлғалардан қабылдау комиссиясы бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат немесе үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын электрондық сертификатқа сәйкес қабылдайды.

7. Институтта Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясы мүшелердің тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы болып Басқарма Төрағасы-Ректор табылады. Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

8. Институттың ББ топтары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін ректордың бұйрығымен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына ПОҚ, қоғамдық ұйымдар, БАҚ өкілдері кіреді. «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» дайындық бағыты бойынша шығармашылық емтихан жөніндегі комиссияның құрамына бейіні бойынша тиісті білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған тұлғалар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес арнаулы және шығармашылық емтихандар өткізілетін ББ топтарының тізбесіне сәйкес ББ топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін ББ бойынша оқуға түсетін тұлғалар институттың қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);

2) 3×4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса).

11. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 8-15 шілдесі аралығында өткізіледі.

12. Шығармашылық дайындықты талап ететін ББ тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін ББ тобына түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

13. Оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнаулы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және арнаулы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

14. Шығармашылық дайындықты талап ететін ББ тобына түсуші тұлғалар шығармашылық емтихандарды институтта тапсырады.

15. Институтқа түсуші тұлғалар қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

16. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын Ғылыми кеңес шешімімен бекітеді.

17. Арнаулы және шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен орны, кеңес) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі, сонымен қатар институттың ресми сайтына ілінеді.

18. Оқуға түсушіні арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Арнаулы және шығармашылық емтихандар бейне-немесе аудиожазба жүргізілетін аудиторияларда өтеді.

19. Арнаулы және шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

20. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімі бар талапкерлер ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 2 тамыз № 387 бұйрығы бойынша жоғары білімнің мән-дес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қабылданады, екінші жоғары білімі бар талапкерлер факультет деканының өкімімен берілген комиссия құрамымен әңгімелесу негізінде оқуға қабылданады.

21. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

22. Арнаулы және шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

23. Арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан, қабылдау комиссиясына ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан көшірме беріледі.

24. Емтихандар өткізу кезеңінде арнаулы және шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында ректордың бұйрығымен төрағасын қоса алғанда құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

25. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі береді, арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

26. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

27. Институт арнаулы және шығармашылық емтихан аяқталған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе институтқа ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің арнаулы және шығармашылық емтиханының нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

28. Институтқа қабылдау үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Үлгілік қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Институт қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және өтініш түскен күні құжаттар топтамасын қабылдағаны туралы оқуға түсушіге қолхат беруді жүзеге асырады немесе құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда оқуға түсушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Қабылдау комиссиясы олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Оқуға түсуші құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда институтқа қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін оқуға түсуші қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ректор оқуға түсушіні институт студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Институт Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

29. Институт "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

30. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша институттың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес институт ректорының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес институттың мекенжайына келіп түскен оқуға түсушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен оқуға түсушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, оқуға түсушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

31. Оқуға түсушілерді қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін студенттер қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен өткізеді.

32. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері институтқа қабылдау туралы өтініш береді және ректордың бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері институтта шығармашылық емтихан тапсырған жағдайда институтқа қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

33. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және белгіленген шекті балды жинаған тұлғалар ректордың атына жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғанға дейін ақылы негізде институтқа қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сыныптарының білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 ақпаны мен 25 тамызы аралығыкезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін ректордың атына ақылы негізде институтқа қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ереженің 33-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

34. ҰБТ нәтижелері бойынша белгіленген шекті балды жинаған тұлғалар Басқарма Төрағасы-Ректордың атына ақылы негізде институтқа қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты, уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

35. Институтқа қабылдау ББ мен тіл бөлімдері бойынша бөлек жүргізіледі. Институтқа қабылдау арнаулы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

36. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді

37. Институт қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ҚР ҒЖБМ-не студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

## **ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

Ақылы оқуға түсетін шетел азаматтарын институтқа бакалавриат, магистратура қабылдауды қабылдау комиссиясы әңгімелесу нысанында жүзеге асырады. Әңгімелесу қазақ, орыс тілдерінде (түсушінің таңдауы бойынша) өткізіледі. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін білім алуы стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Шетелдіктерді қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Әңгімелесуді өткізу үшін институттың қабылдау комиссиясының төрағасының бұйрығымен комиссия құрылады. Әңгімелесу қорытындысы бойынша комиссия мүшелерімен институттың білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қабылдауға/қабылдамауға ұсынымдар туралы шешім қабылданады. Әңгімелесу нәтижелерін комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

Оқуға түсушіні институтқа қабылдау туралы шешімді әңгімелесу нәтижелерінің деңгейі төмен, ұсынылған білім туралы құжаттың талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (нотариалды куәландырылған аударманың болмауы, рәсімдеудегі ақаулар мен қателер) комиссия қабылдауы мүмкін.

Әңгімелесу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және оқуға түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның құрамы пәндер бойынша оқытушылар қатарынан құрылады. Өтініштер апелляция нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

Өтініштер бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіні апелляцияның нәтижелері туралы хабардар етеді.

Студенттерді институтқа қабылдау институттың қабылдау комиссиясымен Басқарма Төрағасы-Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамыз аралығында жүргізіледі.

Білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздерден оқуға ақы төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Оқуға түсушілер институттың қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішке төмендегі құжаттарды қоса береді:

- 1) ЖОО басшысы атына еркін нысандағы өтініш; жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа) және құжаттың нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы;
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;

- 4) ҰБТ сертификаты (қазақ диаспорасы үшін);
- 5) ведомосттан үзінді (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 6) ведомосттан үзінді (әңгімелесу бойынша түсушілер үшін)
- 7) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (қазақ диаспорасы үшін).
- 8) паспорттың көшірмесі (нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен).

Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

1-қосымша

Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы:

Педагогика және психология  
 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу  
 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі  
 Математика мұғалімдерін даярлау  
 Физика мұғалімдерін даярлау  
 Информатика мұғалімдерін даярлау  
 Химия мұғалімдерін даярлау  
 Биология мұғалімдерін даярлау  
 География мұғалімдерін даярлау  
 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау  
 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау  
 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау  
 Шет тілі мұғалімдерін даярлау  
 Арнайы емтихан педагогикалық жағдайды шешу түрінде өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы және шығармашылық емтиханды өткізу нысаны:

Білім беру бағдарламаларының тобы	1-ші шығармашылық емтихан	2-ші шығармашылық емтихан
Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)